

## "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 21 қыркүйектегі N 937 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқығын берсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 659 қаулысында :

Иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге, өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне" деген бөлімде:  
реттік нөмірі 217-7-жол алынып тасталсын;

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 279-1-жолмен толықтырылсын:

"279-1 "Мемлекеттік аннуитеттік компания" өмірді сақтандыру компаниясы" АҚ";

2) алынып тасталды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.04.24 N 387 Қаулысымен.

3) күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 23.09.2014 № 1005 қаулысымен.

3. Осы қаулы қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі